

## Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышының кейбір мәселелері туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 21 маусымдағы № 171 және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 21 маусымдағы № 34/5 бірлескен қаулысы мен шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 маусымда № 5460 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабы 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 7-бабының 4-тармағына және 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Мағжан Жұмабаев ауданының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Ноғайбай ауылын Қарақоға ауылдық округінің құрамынан шығарып, Ноғайбай би ауылдық округінің құрамына енгізу жолымен бағыныстырығы өзгертуілсін;

мынадай ауылдық округтердің:

ауданы 174 гектар Ноғайбай ауылының аумағын шығару жолымен жалпы ауданы 31939 гектар Қарақоға ауылдық округінің;

Ноғайбай ауылының аумағын ескере отырып, жалпы ауданы 26751 гектар Ноғайбай би ауылдық округінің шекаралары осы бірлескен әкімдік қаулысы мен мәслихат шешімінің 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін;

2) Роцино ауылын Успенка ауылдық округінің құрамынан шығарып, Авангард ауылдық округінің құрамына енгізу жолымен бағыныстырығы өзгертуілсін;

мынадай ауылдық округтердің:

ауданы 594 гектар Роцино ауылының аумағын шығару жолымен жалпы ауданы 37119 гектар Успенка ауылдық округінің;

Роцино ауылының аумағын ескере отырып жалпы ауданы 26698 гектар Авангард ауылдық округінің шекаралары осы бірлескен әкімдік қаулысы мен мәслихат шешімінің 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысының облыстық және аудандық атқарушы органдары ауданының және облыстың әкімшілік-аумақтық бірлігінің есептік деректеріне тиісті өзгерістер енгізілсін.

3. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" және "Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихат аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемелері мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte қамтамасыз етсін:

1) осы бірлескен әкімдік қаулысы мен мәслихат шешімін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен әкімдік қаулысы мен мәслихат шешімін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберуді;

3) осы бірлескен әкімдік қаулысы мен мәслихат шешімін ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының интернет-ресурстарында орналастыруды.

4. Осы бірлескен әкімдік қаулысы мен мәслихат шешімінің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына және облыстық мәслихат аппаратының басшысына жүктелсін.

5. Осы бірлескен қаулы мен шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімінің міндетін атқарушы

M. Тасмаганбетов

Солтүстік Қазақстан  
облыстық мәслихаты  
сессиясының төрағасы


A. Сапаров

Солтүстік Қазақстан  
облыстық мәслихатының  
хатшысы

B. Бубенко

Бірлескен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің  
2019 жылғы 21 маусым № 171 қаулысына және  
Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2019  
жылғы 21 маусым № 34/5 шешіміне 1 қосымша


**Қарақоға және Ноғайбай би ауылдық округтерінің схемалық картасы (масштаб 1: 250000)**



Қарақоға ауылдық округінің жер көлемі 31939 гектар




Ногайбай би ауылдық округінің жер көлемі 26751 гектар, соның ішінде Ногайбай ауының жерлері 174 гектар



Бірлескен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 21 маусым № 171 қаулысына және Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2019 жылғы 21 маусым № 34/5 шешіміне 2 қосымша

**Успенка және Авангард ауылдық округтерінің схемалық картасы (масштаб 1: 250000)**



Успен ауылдық округінің жер көлемі 37119 гектар	
Авангард ауылдық округінің жер көлемі 26698 гектар, соның ішінде Роцино ауылының жерлері 594 гектар	